



**ШЕШІМ**

**РЕШЕНИЕ**

2020 жылғы 16 қарашасы

№ 57-515-VI

Сарыағаш қаласы

город Сарыағаш

**Сарыағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 20 желтоқсандағы  
№46-417-VI «2020-2022 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы»  
шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-бабының 5-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына және Түркістан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы №53/543-VI «Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 9 желтоқсандағы №44/472-VI «2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5870 тіркелген шешіміне сәйкес, Сарыағаш ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарыағаш ауданының мәслихатының 2019 жылғы 20 желтоқсандағы №46-417-VI «2020-2022 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5347 тіркелген және 2020 жылы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Сарыағаш ауданының 2020-2022 жылдарға арналған аудандық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 45 658 724 мың теңге:

салықтық түсімдер – 3 266 126 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 22 776 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 69 861 мың теңге;

трансферттер түсімі – 42 299 961 мың теңге;

2) шығындар – 45 784 040 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 248 345 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 274 235 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 25 890 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;  
 қаржы активтерін сатып алу – 0;  
 мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;  
 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -373 661 мың теңге;  
 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) –  
 373 661 мың теңге;  
 қарыздар түсімдері – 274 235 мың теңге;  
 қарыздарды өтеу – 25 891 мың теңге;  
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 125 317 мың  
 теңге.».

2020 жылы облыстық бюджетке аудандық бюджеттен төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы 57,9 пайыз мөлшерінде бөлу нормативі белгіленсін.

Көрсетілген шешімнің 1, 3 қосымшалары осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Сарыағаш ауданының мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді «Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Сарыағаш ауданының мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**Ш. Жарылқасымов**

**Сарыағаш аудандық  
мәслихат хатшысы**

**Б. Садыков**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі  
облысының/қаласының Әділет департаменті  
Нормативтік құқықтық акті 04.12.2020  
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік  
тіркеудің тізіліміне № 5928 болып енгізілді

Результаты согласования

ГУ "Аппарат Сарыағашского районного маслихата" - Главный специалист-юрист Сабит Улугбекович Манапов, 02.12.2020 19:02:39, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

ГУ "Аппарат Сарыағашского районного маслихата" - Секретарь маслихата Сарыағашского района Бахытжан Молдабекович Садыков, 02.12.2020 19:04:10, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

ГУ "Аппарат Сарыағашского районного маслихата" - Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы Шайхслам Омарович Жарылқасымов, 02.12.2020 19:05:59, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

Департамент юстиции Туркестанской области - Руководитель Мухит Бекетович Тургараев, 03.12.2020 17:35:59, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі